

НА МАЙСКОМ САММИТЕ ПРЕЗИДЕНТ КАЗАХСТАНА КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ОСОБО ОТМЕТИЛ НЕОБХОДИМОСТЬ МОДЕРНИЗАЦИИ И РАСШИРЕНИЯ ИНФРАСТРУКТУРЫ ЛОГИСТИЧЕСКИХ КОРИДОРОВ. ПЛАНИРУЕТСЯ УВЕЛИЧИТЬ ПРОПУСКНУЮ СПОСОБНОСТЬ КОРИДОРА СЕВЕР – ЮГ С 10 ДО 20 МЛН ТОНН В ГОД. В РАМКАХ КОНЦЕПЦИИ РАЗВИТИЯ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЙ ОТРАСЛИ ДО 2029 ГОДА БУДУТ РАЗВИВАТЬСЯ СТЫКОВЫЕ ПУНКТЫ И ОСУЩЕСТВЛЯТЬСЯ СТРОИТЕЛЬСТВО ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ СЕТЕЙ. ТАК, МЫ НАЦЕЛЕНЫ ДОВЕСТИ ОБЪЕМ ТРАНЗИТНЫХ ПЕРЕВОЗОК С 28 МЛН ДО 45 МЛН ТОНН, ПРОЛОЖИТЬ ПОРЯДКА 5 ТЫСЯЧ КИЛОМЕТРОВ НОВЫХ И ВТОРЫХ Ж/Д ПУТЕЙ.



Олжас БЕКТЕНОВ,  
Премьер-министр Республики Казахстан



№106-107 (3036-3037)  
20/12/2024

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

### ЗАПУЩЕНО «ЕДИНОЕ ЦИФРОВОЕ ОКНО»

В Астане прошла стратегическая сессия с участием членов совета директоров и правления АО «НК «КТЖ», а также партнеров компаний Global DTC Pte. Ltd. (Сингапур) и Huawei Technologies Co., Ltd. (Китай). Во время мероприятия председатель правления KTZ Express Дамир Кожаметов провел презентацию проекта «Единое цифровое окно» (ЕЦО).

Асель ШАЙХЫНОВА,  
Астана

Целью проекта является полная цифровизация клиентского сервиса в области грузовых перевозок. Он объединил все коммерческие функции дочерних предприятий АО «НК «КТЖ» и создал единое цифровое пространство для клиентов. Запуск ЕЦО обеспечивает прозрачность бизнес-процессов, оптимизирует коммуникации и создает удобную единую точку входа для клиентов. Это позволяет сократить время на обработку запросов и повышает продуктивность рабочих процессов, а также эффективность управления логистическими операциями. Ранее портал был запущен в тестовом режиме

и уже предоставлял клиентам доступ к следующим функциям: получение коммерческих предложений, управление договорами, подача запросов через социальные сети и Call-центр, а также оформление заявок на услуги. Напомним, ранее управляющий директор по цифровизации KTZ Express Марат Садыков на V Евразийском форуме по безопасности и цифровизации транспорта в Алматы и на Форсайт-форуме «Горизонт-2035: искусственный интеллект и транспорт будущего» в Астане представил данный проект в тестовом режиме широкой публике. Как отметил Марат Садыков, в рамках подго-

товки к запуску ЕЦО проделана значительная работа по внедрению цифровой экосистемы в дочерних компаниях. В частности, автоматизация бизнес-процессов и создание единого контакт-центра в KTZ Express привели к росту уровня удовлетворенности клиентов до 93%, а индекс лояльности (NPS) достиг 70%. Внедрение электронно-цифровой подписи позволило сократить сроки заключения договоров в 2,5 раза, а интеграция с партнерами через API существенно оптимизировала управление заказами и снизила время обработки заявок. Фото Александра ЖАБЧУКА



### ВСЕ ЕДЕТ ПО ПЛАНУ



Транскаспийский международный транспортный маршрут (ТМТМ) продолжает показывать устойчивый рост, что подтверждается увеличением пропускной способности до шести миллионов тонн в год, включая 100 тысяч ДФЭ контейнерных перевозок.

За 11 месяцев 2024 года объем перевозок грузов увеличился на 63%, достигнув 4,1 миллиона тонн, а контейнерные перевозки выросли в 2,6 раза, составив 50,5 тысячи ДФЭ, что является важным показателем роста.

В 2024 году также был запущен Координационный центр Транскаспийского транспортного коридора, который направлен на развитие инфраструктуры и расширение функционала маршрута. Новая платформа будет работать над повышением конкурентоспособности ТМТМ, позволяя сократить сроки доставки между Европой и Азией до 15 дней. В проект активно вовлечены ключевые страны и компании, такие как Казахстан, Азербайджан, Грузия, Турция, Китай и многие другие, что подчеркивает важность ТМТМ для глобальной торговли.

Особое внимание уделяется модернизации инфраструктуры, направленной на увеличение пропускной способности и улучшение качества обслуживания. Так, в текущем году отремонтирован 1 401 километр железнодорожных путей, приобретены 185 локомотивов и более 1,6 тысячи вагонов, включая 143 пассажирских.

Айлин БАУРЖАН



Фибрат АУФАНОВ,  
«Самурық-Қазына» АҚ әлеуметтік-еңбек қатынастары мен еңбек қорғау, корпоративтік басқару жөніндегі басқарушы директоры:

### Мерей

## «МАГИСТРАЛЬ AWARDS-2024» ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Кеше Астанада Еуразия көлік кешені көшбасшыларына арналған «МАГИСТРАЛЬ AWARDS-2024» жүлдесін анықтау рәсімі өтті. Маңызды жиында халықаралық көлік және логистика саласындағы компаниялар, соның ішінде «КТЖ» ҰК» АҚ қызметкерлері мен кәсіпорындары да беделді жүлде лауреаттары атанды.

Райхан РАХМЕТОВА,  
Астана

Салалық жүлдені «КТЖ» ҰК» АҚ, «TLK Media», ҚР Көлік министрлігі, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, «KAZLOGISTICS» кәсіпкер одағы және Еуразия экономикалық комиссиясының қолдауымен Н.Исингариннің көлік бастамаларын қолдау қоры ұйымдастырды. Биыл салалық байқауға 5 мемлекеттен 100-ден аса қатысушылар өтінім берген, олардың ішінде жетекші теміржол, порт, логистикалық компаниялар бар.

Жиынды ҚР Көлік вице-министрі Мақсат Қалиақпаров ашып, көлік және логистика саласындағы жетістіктерді айтып өтіп, соған үлес қосқан майталмандарды анықтауда бұл жүлденің орны бөлек екенін жеткізді. Алғашқы аталым – «Еуразия көлік қарқасын институционалды дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясымен «КТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының логистика жөніндегі орынбасары Ерлан Қойшыбаев марапатталды. Көп жылдан бері Қазақстанның көлік-логистика саласында кәсіби біліктілігі мен қызметіне адалдығын танытып келе жатқан оның жұмысы халықаралық көлік дәліздерінің басты бөлігі ретінде Қазақстанның тұрақты институционалдық негізін құру және орнын бекітуге бағытталған. Е.Қойшыбаевтың



араласуымен сәтті жүзеге асырылған жобалардың қатарында Қорғас пен Сиандығы құрғақ порттарды, Ляньюньгандағы, Каспий теңізіндегі терминал қызметін атауға болады. Сонымен қатар Еуразия құрлығы мен Қазақстан арқылы контейнерлік транзиттің миллиондық көрсеткішіне қол жеткізуге аталысы да атап өтілді.

Келесі «Транспорт Профи» аталымы бойынша лауреат атанғандар қатарында «КТЖ Express» АҚ ІТ департаментінің директоры Ғизат Әмірғали және «КТЖ» ҰК» АҚ Интеграция және халықаралық ынтымақтастық департаментінің топ басшысы Айман Ибраева болды. Ал «Көлік басқару шеберлігі» аталымы бойынша «Құрық порты» ЖШС бас директоры Серік Ахметов

марапатталды. «Сәтті старт» аталымының дипломдары «Аяқ порты интермодальды жүк терминалы» жобасы үшін «Кедентранс-сервис» АҚ-ға, «Ақтау теңіз сауда порты базасындағы контейнерлік хаб құрылысы» жобасы үшін Ақтау порты ұжымына берілді. «Жылдың үздік жобасы» аталымы бойынша еңбегі елгендер қатарында «Сиань қаласындағы көлік-логистикалық орталығы» жобасы үшін ҚТЖ компаниясының аты тағы аталды. «Цифрлық логистика көшбасшысы» аталымының лауреаты болуға лайық деп танылғандар арасында «Бірыңғай цифрлық терезе» жобасы үшін «КТЖ Express» АҚ болды.

Мемлекет басшысының 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауына байланысты «Халық таңдауы» жүлдесімен «Автотізбекті тіркеу қызметі бар тренажер» жобасы үшін Қостанай вагон пайдалану депосының вагон қараушысы Мұрат Ерманов марапатталды. «Көлік кешеніндегі үздік HR-бастамалар» аталымы бойынша «Теміржолшыларды моральдық ынталандыру жүйесін дамыту» жобасымен ҚТЖ тағы жүлделі болды. Сондай-ақ «Тімді көлік шешімдерін іске асырғаны үшін» аталымы бойынша марапат ҚТЖ-ның техникалық орталығының директоры Азамат Жангелдіге берілді.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

### ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ХАБТАР ДАМИДЫ



Өткен аптада Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында трансшекаралық хабтарды дамыту мәселесі қаралды. Соның ішінде бес ірі көлік-логистикалық хабты жаңғырту барысы талқыланды.

Көлік вице-министрі Мақсат Қалиақпаров Каспий торабын дамыту аясында Ақтау және Құрық теңіз порттарын жаңғырту жұмыстары қарқынды жүріп жатқанын хабарлады. Ақтау портында контейнерлік хаб салу бойынша жобаны іске асыру басталды. Жұмыстың аяқталуы келесі жылдың соңына жоспарланған. Оны іске асыру порттың өткізу мүмкіндігін жылына 250 мың ЖФБ-ға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Үкімет басшысы Шығыс-Батыс, Солтүстік-Оңтүстік және Транскаспий халықаралық көлік бағыты дәліздері әлеуетін тиімді пайдалану қажеттігіне тоқталды. Себебі олар Қытай, Парсы шығанағы елдері, Кавказ және Еуропа нарықтарына шығуды қамтамасыз етеді. Қазақстанда бес хабты толық іске қосу жүктерді өткізу уақытын қысқартуға, өнеркәсіп өндірісінің көлемін арттыруға және салық түсімдерін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Премьер-министр трансшекаралық хабтарды қалыптастыру барысында жоспарлы нәтижелерге қол жеткізу үшін барлық ресурстарды жұмылдыру қажеттігіне назар аударды.

Ұлан ОРАЗ

КҮН САЙЫН МЫҢДАҒАН ЖҰМЫСКЕР СТАНЦИЯЛАР МЕН ЖОЛДАРДА ЕҢБЕК ЕТЕДІ. ОЛАРДЫҢ ЖҰМЫС БАРЫСЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ҚАУІПСІЗ ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫН ЖАСАУ, ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕРДІ АЗАЙТУ – БІЗДІҢ ОРТАҚ МІНДЕТІМІЗ. СОНДЫҚТАН ДА ҚАУІПСІЗДІК ТЕК ЕРЕЖЕ ЖИЫНТЫҒЫ ҒАНА ЕМЕС, ОНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӘДЕТКЕ АЙНАЛУЫ МАҢЫЗДЫ.

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ ОН БІР АЙЫНДА ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІМЕН

263 млн

ТОННАДАН АСТАМ ЖҰК ТАСЫМАЛДАНҒАН.

БИЫЛҒЫ ҚАҢТАР-ҚАРАША АРАЛЫҒЫНДА

27,1 млн

ТОННА КӨМІР ЭКСПОРТТАЛҒАН.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» КОМПАНИЯСЫ АЛДАҒЫ БЕС ЖЫЛДА

700

АСТАМ ЛОКОМОТИВ САТЫП АЛУДЫ ЖОСПАРЛАУДА.

## КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛДЫҢ КӨКЖИЕГІ КЕН

Астанада «Көлік және логистика нарығы» атты VI халықаралық конференция өтті. «Silk way development fund» қоғамдық қоры ұйымдастырған маңызды іс-шараға ҚР Көлік министрлігі, ҚТЖ компаниясы және басқа да көлік саласындағы кәсіпорындар қолдау білдірді.

Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ,  
Астана

Конференцияға көптеген халықаралық және республикаға белгілі көлік саласындағы сарапшылар, компаниялар басшыларымен қатар «КТЖ Express» АҚ жаңа жобалар және маркетинг бойынша Басқарушы директоры Әсем Мұхамедиева қатысып, баяндама жасады. Ол компания жұмысы және тасымалдау мүмкіндіктерімен таныстыра келе Қазақстан арқылы өтетін маңызды дәліздердің артықшылықтарына тоқталды.

– ТХКБ бойынша жүк жеткізу теңіз көлігіне қарағанда екі есе жылдам. Ал «Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізінің әлеуеті 20 млн тонна, бүгінгі таңда бағдар

бойынша «тар орындарды» жою жұмыстары жүргізілуде. Ал Трансауған бағдары бойынша жеткізудің жалпы мерзімін 35 күннен 22-25 күнге дейін қысқарту жұмыстары іске асырылуда. Сонымен қатар ҚТЖ маңызды көлік бағдарларындағы терминал желісін дамыту жұмыстарын жалғастыруда. Қазақстан арқылы трансұрлықтық бағдарлар бойынша 27 млн тоннадан астам контейнер өтеді, соның ішінде 1 млн-нан астам контейнер – 20 ЖФЭ. Соңғы кездері біздің компания Еуропа мен Азияны біріктіретін жобаға айналған ТХКБ-ға ерекше көңіл бөледі. Бұл дәлізді дамыту үшін оған қатысушы елдердің теміржол әкімшіліктерімен тығыз байланыста

жұмыс жүргіземіз, – деді спикер өз сөзінде.

Ол сондай-ақ Бірыңғай цифрлық терезе бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға да тоқталды. Оның айтуынша, ҚТЖ компаниясының коммерциялық қызметтерін жүзеге асыруға 36 ақпараттық жүйе қосылған. ҚТЖ-ның өзі көрсететін 19 коммерциялық қызмет бар.

– Ақтау порты ТХКБ-ның маңызды бөлігі саналады. Биылғы 11 ай қорытындысы бойынша Ақтау портында жүк түсіріп тиеу 4 млн 500 мың тоннаны құрады. Бұл ретте тасымалданған контейнерлік жүктер көлемі 52 мыңнан астам ЖФЭ болды. Аталған көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңіне



қарағанда 2,5 есе көп. Бұрын бізге кірісті мұнай жүктері берсе, қазір контейнерлік жүктер беруде. Бүгінде біз контейнерлік хаб құрылысын бастадық. Қолданыстағы порт қуатын арттыру көзделуде. Үшінші аймақты кеңейту, жаңа 13-айлақты салу жұмыстары жүргізілуде. Алдағы мақсат – порттың өткізу қабілетін арттыру. 2025 жылдың 3-тоқсанында контейнерлік хаб құрылысының 1-кезеңі аяқталады. Біздегі басты проблема – Каспий теңізі деңгейінің төмендеп кетуі, – деді келесі спикер, «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ҰК» АҚ коммерциялық жұмыстар жөніндегі атқарушы директоры Ахмад Мұстафин.

Конференцияда сөз алған «Kazlogistics» Қазақстанның көлікшілер одағының бас директоры Қанат Әлмеғамбетов Қазақстан бойынша транзиттік тасымал жыл сайын артып келе жатқанын айта келе бұл саладағы өсімді қамтамасыз етуде ҚТЖ тасымал локомотиві және драйвері болып отырғанын жеткізді. Бірнеше бизнес-сессиялардан тұрған конференцияда Қазақстанның астық логистикасын дамыту, контейнерлендіру үшін порттар санын арттырып, Ақтау портын дамыту перспективалары, контейнерлендіру саласындағы халықаралық ынтымақтастық жайы да сөз болды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

№106-107 (3036-3037) 20/12/2024

## ЖАҢА ТӨРАҒА САЙЛАНДЫ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,  
Атырау«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС  
Атырау бөлімшесіне қарасты  
«Аманат» партиясының бастауыш ұйымына жаңа төраға  
сайланды.

Осыған орай бөлімше бастығы Аслан Базарғалиевтің төрағалығымен өткен жиынға қатысқан партияның Атырау облыстық филиалының төрағасы Абдолла Идресов аймақтағы бастауыш партия ұйымдарының ішіндегі ірісі болып табылатын теміржолшылар ұйымының жұмысына табыс тіледі. Сонымен қатар филиал төрағасы партияның проблемалық мәселелері мен стратегиялық және имидждік бағыттағы жүргізіліп жатқан партиялық жобаларына да тоқталып өтті. Атап айтқанда «Жер аманаты», «Ауыл аманаты», «Қарызысыз қоғам», «Құқықтық көмек», «Бақытты отбасы», «Жастарға – жұмыс», «Ұлттық мұра», т.б. Ол жобалардың жұмыс жасау жолдары мен тетіктері түсіндірілді.

– Айтпа кетейік, бүгінгі күні теміржол бастауыш ұйымының Атырау жүк тасымалы және магистральдық желі бөлімшелері мен «ҚТЖ» ЖШС қызметкерлерінен құрылған 200 жуық мүшесі бар. Жиын барысында Атырау темір жолына қарасты бастауыш партия ұйымы төрағасы Бауыржан Қартанға осы уақытқа дейін атқарған жұмысына алғыс айтылып, бастауыш партия ұйымының жетекшілігіне жаңа төраға Ерлан Тарихов ұсынылды. Партия мүшелері оның кандидатурасын бірауыздан қолдап дауыс берді.

Суретті түсірген автор

«ЖІБЕК ЖОЛЫМЕН»  
САЯХАТТАП ҚАЙТТЫҰлан ОРАЗ,  
Астана

КЭСІПОДАҚ

Биыл 16-20 қараша аралығында Алматы – Түркістан – Ташкент бағытында «Жібек жолы» алғашқы туристік пойыз жолға шыққан болатын. Осы пойызбен «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Экспресс» филиалының 10 қызметкері «Қазкөліккәсіп» ҚБ қолдауымен саяхаттап қайтты.



Кәсіподақ төрайымының айтуынша, бұл сапарға осы филиал құрылғалы бері еңбек етіп келе жатқан, 30 жылдан астам тәжірибесі бар теміржолшылар, жолсеріктер іріктеліп алынған. Құрылған кезде филиалда 180 адам ғана еңбек етсе, қазір 1800-дей қызметкер бар, соның 1750-і – кәсіподақ мүшелері. Сапардан оралған филиал қызметкерлері саяхаттың жоғары деңгейде өткенін жарыса жеткізді.

– Алматыдан 16 қарашада аттанған 5 вагоны бар пойыз 17 қарашада Түркістанға жетіп, Әзірет Сұлтан кешеніне тәу етіп, Керуен Сарайы аралап, Арыстан баб кесенесі мен ескі Отырар қаласының орнын көріп, кешке дейін қыдырған. Кешкі астан кейін Ташкентке аттанады. Өзбекстан астанасының көрнекі орындарын арнайы автобус және гидпен аралап, екі күн бойы тарихи шаһарда қыдырған. Күніне үш мезгіл тамақ, автобус пен гид және Ташкентте қонақ үй, жалпы бағдар бойынша барлық қызмет билет құнына кіреді. Ал бұл саяхаттың құны 124 мың 108 теңге болған еді. 10 адамның әрқайсысына осы ақшаны кәсіподақ төлеп берді, – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Экспресс» филиалының кәсіподақ комитетінің төрайымы Эльмира Егембердиева.

Кәсіподақ өкілінің айтуынша, Жаңа жылдағы демалыста, яғни 2025 жылдың 2-6 қаңтар аралығында туристік пойыз тағы да жолға шығады. Бұл жолы бағдарға Өзбекстанның Самарқанд қаласы да қосылады екен.

– Биыл зейнетке шығатындығыма байланысты маған тамаша сыйлық жасап, «Жібек жолы» туристік пойызымен бес күндік саяхатқа жіберген «Қазкөліккәсіп» қоғамдық бірлестігіне алғысымды білдіремін. Еліміздің тарихи қасиетті жерлерін аралауды нәсіп етті, сапардан кереметтей әсер алдым, – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Экспресс» филиалы Тальго жүрдек пойызының Астана телімі бойынша жолсерігі Рауза Ғабдуллина.

Суретті түсірген автор

АСТАНА – БУРАБАЙ:  
ЖҮРДЕК ПОЙЫЗДЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында Астана – Бурабай курорты бағдары бойынша су жаңа вагондардан жасақталған жүрдек электропойызының қозғалысы ашылды.

Сұлугүл БАКЕСОВА,  
Астана

Алғашқы құрам 13 желтоқсан күні «Нұрлы жол» вокзалынан аттанды. Жоба ішкі туризмді дамыту, көлік инфрақұрылымын жаңғырту және жолаушыларға жайлылық деңгейін арттыру жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның бір бөлігі болып табылады. Туризм Қазақстанның мемлекеттік саясатының басымдықтарында маңызды рөл атқарады, ал жүрдек пойыздың іске қосылуы осы саланы нығайтуға, ел тұрғындары мен қонақтарына саяхатты жылдам, қолайлы және ыңғайлы етуге бағытталып отыр. Пойыз Астанадан Бурабай курортына дейін тоқтаусыз барады. Жол үстіндегі уақыты 2 сағат 2 минутты құрайды, бұл сапарды жылдам әрі ыңғайлы етеді.

Нұрлы жол вокзалынан сағат 13:08-де, ал Астана вокзалынан сағат 13:48-де аттанған пойыз Бурабай курортына сағат 16:14-

те жетті. Ал Бурабайдан сағат 17:25-те кері шыққан пойыз Астана станциясына 20:20-да, ал Нұрлы жол вокзалына 20:46-да келіп тоқтады.

Атап өтерлігі, 2024 жылдың 15 желтоқсанынан бастап қозғалыстың жаңа кестесі күшіне енді. Бұдан былай электропойыз «Нұрлы жолдан» 14:40-та, «Астана» вокзалынан 15:25-те шығып, Бурабай курортына сағат 18:00-де жетеді. Ал Бурабайдан кері қарай 18:40-та жүріп, Астана станциясына 21:25-те, Нұрлы жолға 22:05-те келеді. Жол ақысы «Нұрлы жол» вокзалынан 2770 теңге, Астана вокзалынан 2548 теңгені құрайды.

– «ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін жолаушыларды тасымалдайтын ЭПЗД электр пойызы «Индустриалық даму қоры» АҚ және ел Үкіметінің қолдауымен жүзеге асырылған отандық «ЗИКСТО» ЖШС кәсіпор-



ның (Railways Systems KZ инновациялық әзірлемесі болып табылады. Құрам қазақстандық машина жасаудың жетістіктерін бейнелейді және еліміздің технологиялық прогресінің символы болып табылады. Жергілікті өндірісті пайдалану шығындарды айтарлықтай азайтып, технологиялық тәуелсіздікті арттыруға мүмкіндік берді. Пойыз 6 вагоннан тұрады, оның ішінде отыратын орын саны барлығы «комфорт плюс» стандартындағы ыңғайлы 574 орындық 3-класты вагондар. Келесі жылы тағы да екі электр пойызы жеткізіледі, біреуі осындай, ал екінші пойыз 1-ші, 2-ші және 3-ші класты вагондардан тұратын болады, – деді электр пойызы салтанатты түрде шығарып салу рәсіміне қатысқан «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Әнуар Ахметжанов.

Вагондар ауа баптау жүйелерімен, дыбыс оқшаулағышымен және заманауи ақпараттық дисплейлермен жабдықталған. Ішкі туризмді танымал ету үшін аймақтардың мәдени ерекшеліктері мен туристік брендтерін ескере отырып, вагондардың сыртқы және ішкі дизайны әзірленіпті. Дизайн Астана мен Бурабайдың басты көрікті жерлерінің, «Бәйтерек» монументі, «Қазақ елі» монументі, «Нұр-Әлем» мұражайы және Шүчье-Бурабай курорттық аймағының көркем пейзаждары сияқты бейнелерді қамтиды. Жолаушылар үшін танымдық мүмкіндіктің бірі – аудиозәкәсірсия тыңдау. Жол бойы жолаушылар Астана және Бурабайдың тарихы, мәдениеті, табиғат байлығы туралы қызықты деректермен таныса алады.

Суретті түсірген Сара САХЫНБЕК

## ТҰЙЫҚ ЖОЛДА ӨТКЕН ТЕХНИКАЛЫҚ САБАҚ



АЙМАҚ

Арыс вагон пайдалану депосы басшылығының ұйымдастыруымен Арыс-2 станциясындағы техникалық қызмет көрсету пунктін жолаушылар вагоны тұрақтайтын тұйық жолында техникалық сабақ өтті. Жиынға Шымкент, Қазығұрт, Сарыағаш, Түркістан станцияларының вагон қараушылары қатысты.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,  
Арыс

Техникалық сабақтың мақсаты – қызметкерлердің нормативтік құжаттарда бекітілген ереже-нұсқаулықтарды білуі мен кәсіби біліктіліктерін шыңдау және тәжірибесін арттыру. Сондай-ақ жылжымалы құрамнан ақау анықталған жағдайда сауатты әрекет ету мен қызмет көрсету сапасын көтеруге баулу.

Қатысушыларға теориялық сабақ пен доңғалақ жұптарын жедел ауыстырудың тетіктері практикалық тұрғыда көрсетіліп, түсіндірілді. Сонымен қатар станцияға аялдаған жолаушылар пойызындағы ақауларды анықтау мен сол мезетте қабылдануы тиіс амал-әрекеттер оқытылып, үйретілді. Сондықтан жылжымалы құрамдағы оқшылықтарды мейлінше жедел анықтау мен



қауіп-қетердің алдын алу техникалық сабақтың басты тақырыбына айналды. ВЧД-30 мекемесінің нұсқаушысы Олжас Еркінбек вагон қараушыларға доңғалақ жұптарын ауыстыру мен доңғалақ табыны мен жиегінің қалыңдығын өлшеуде қолданылатын шаблон-құрылғыларды тиімді

әрі дұрыс пайдалану жолдарын кеңінен түсіндіріп, көрсетті.

Сонымен қатар шара аясында анықталған ақауларды жедел қалпына келтірудің жай-күйі де мұқият талқыланды. Әрине, ақау күнде анықтала бермейді. Десек те, вагон қараушылар ондай сәтке қашан да сақадай

сай дайын тұруы қажет.

Арыс вагон пайдалану депосының бас инженері Ғалым Байзақовтың айтуынша, Арыс – Орта Азия қақпасы болғандықтан, мұнда жылжымалы құрамдардың қатынауы тәулік бойы толастамайды. Сондықтан мұнда жүк және жолаушылар вагонының жай-күйін қадағалап, сервистік қызмет көрсету қарқыны жоғары. Осы орайда маман біліктілігі мен тәжірибесі, құрал-саймандарды тиімді пайдалануы зор маңызға ие.

Техникалық сабақ кезінде еңбек қауіпсіздігі қағидаларын қатаң сақтай отырып, өнімді жұмыс істеу тетіктері де жан-жақты түсіндірілді. Мұның бәрі де қатысушылар үшін өндірістік жарақат алуға себеп болатын оқыс жағдайлардың алдын алудың негізгі амалы болып табылады.

Суретті түсірген автор

## ҚЫРАҒЫЛЫҚТЫ АРТТЫРА ТҮСУ ҚАЖЕТ



ҚАУІПСІЗДІК

Қуаныш ҚОЖАЕВ,  
Семей

Алаңдауға негіз жоқ емес. Биылғы жылы аймақ бойынша вагондардан жүк ұрлаған бес ұйымдасқан қылмыстық топ жедел іздестіру жұмыстарының нәтижесінде іздері суымай қолға түсті. Жүк пойыздарындағы ұрлық-қарлыққа есеп жүргізер болсақ, жалпы көлемі 16 млн 550 теңгеден асатын мүліктерге қол сұғылған. Суыққолдылардың алды заң алдында нақты жазаға тартылды. Міне, осындай фактілер теміржолда қырағылықты арттыра түсуді міндеттейді.

Жауапты мамандардың айтуынша, жылжымалы құрамдардан көбінесе тас көмір, түсті металдар, т.б. ұрланады екен. Бұл орайда жергілікті ӘТЖК филиалы мен желілік полиция қызметкерлері сақтық шараларын барынша күшейтіп, желі бойындағы қылмыстардың алдын алу жұмыстарын арттыруда. Түрлі айлықтар мен акциялар өткізілуде.

Қолға алынған жұмыстардың нәтижесі жаман емес. Жолаушылар вокзалдары мен перрондардағы және желі бойындағы қауіпсіздік шараларына айрықша назар аударылуда. Бөлімше аумағынан тәулік сайын өтетін 20 жолаушылар пойыздарын-

дағы қоғамдық тәртіп те қатаң назарда тұр. Соның себебінен болар, ағымдағы жылы жалпы саны 3 мыңнан аса ірілі-ұсақты құқықбұзушылықтар тілкеліпті. Анықталған істер бойынша заң аясында тиісті шаралар қабылданған.

Тоқтала кетсек, өткен 11 айдың ішінде 3292 әкімшілік іс қозғалған. Оның ішінде жылжымалы құрамды шұғыл тежеу фактілері жеке тексеріліп, профилактикалық жұмыстар жүргізіледі. Оқиға орнына жеткен теміржолшылар мен желілік тәртіп сақшылары мәселенің мән-жайына тереңнен үңіледі. Мақсат – адам мен мал шығынына жол бермеу, қайғылы оқиғалардың алдын алу. Уақыт пен жанармай шығынына алып

келетін мұндай жайттардың қайталанбауы бойынша тиісті шаралар қабылдау.

Десек те, желі бойындағы ең жиі тіркелетін құқықбұзушылық түрі – қоғамдық орындарда, вокзал мен перрондарда, тіпті пойыз вагонында ішмдік ішу, белгіленбеген жерлерге темекі шегіп, тұқылын, шемішке қабығын, қоқыс тастау сынды жайттар болып отыр.

Сонымен қатар желі бойын руқсат етілмеген жерден кесіп өткен, станция басына келіп тоқтаған жылжымалы құрамдардың астымен өткен тұрғындармен де жұмыстар жүргізілуде. Бұл орайда жыл басынан осы кезеңге дейін 2 300 арнайы хаттама толтырылып, айыппұл салыныпты.

Суретті түсірген автор

# XIII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖАСТАР ФОРУМЫ

№106-107 (3036-3037) 20/12/2024



## БОЛАШАҚ КӨШБАСШЫЛАР БАС ҚОСҚАНДА...

Желтоқсанның 9-13 аралығында Астанада өткен «ҚТЖ» ҰК» АҚ теміржолшы жастарының XIII республикалық жастар форумы 250-ге жуық өскелең ұрпақ өкілінің басын қосқан мазмұнды да маңызды шара болды. Форумға «ҚТЖ-100 жас есім» жобасының жеңімпаздары, «Жас үздік маман» республикалық кәсіби конкурсының финалистері, «ҚТЖ лигасы» КВН финалдық ойындарының, «Корпоративтік волонтер» конкурсының қатысушылары, жастар ісі жөніндегі кеңестің өңірлік өкілдері және «Самұрық Қазына» АҚ компаниялар тобына кіретін портфельдік компаниялардың шақырылған қонақтары, сондай-ақ М. Тынышпаев атындағы АІТ университетінің студенттері қатысты.

Форум барысында компанияның жас қызметкерлеріне коммуникациялық алаңдар, компания басшыларымен және негізгі менеджерлерімен панельдік сессиялар, жеке және іскерлік құзыреттілік дамыту бойынша оқыту тренінгтері, зияткерлік ойын және тағы басқалар ұйымдастырылды.

Форумның нәтижелері бойынша компанияның Басқарма төрағасы жанындағы жастар ісі жөніндегі кеңестің өңірлік өкілдері болып Ақмола аймағы бойынша – Ақмола ЖТ бөлімшесінің персонал жөніндегі менеджері Нұргүл Айтен, Павлодар аймағы бойынша – Павлодар ЖТ бөлімшесінің

қозғалыс қауіпсіздігі қызметінің бас маманы Дина Қоныспаева екі жыл мерзімге тағайындалды. Жастар ісі жөніндегі кеңестің ең белсенді өңірлік өкілі деп Кәмшат Серік танылды. Ол Қарағанды магистральдық желі бөлімшесінің жөндеу-құрылыс бригадасы сылақшысы, оған «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның еңбек

құжымы арасындағы ұжымдық шартқа сәйкес 30 (отыз) АЕК мөлшерінде біржолғы материалдық көмек беру қарастырылған.

«Корпоративтік волонтер» байқауы бойынша «Үлкендерге қамқорлық», «Балаларға қамқорлық», «Табиғатқа қамқорлық», «Қоғам мен ортаны дамыту», «Спорт және денсаулық» аталымдары бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталып, марапатталды.

Форум аясында теміржолдың талантты жастары әзірлеген 37 жобаның арасынан 18 жоба іріктеліп, жиынға қатысушылар мен сырттан келген қонақтарға, компания топ-менеджерлері назарына ұсынылды. Форум жұмысының қорытындысы бойынша осы жобалар ішінен «Теміржол вокзалдарының дизайн-код» жобасы үздік деп танылып, бірінші орынға ие болды. «СО, СИЗ бақылауды есепке алуды жоспарлау рәсімін жақсарту» жобасы екінші орынға, ал «Чат-бот HR-көмеке» жобасы үшінші орынға лайық деп танылды.

## БІРЕГЕЙ ЖОБАЛАР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

XIII республикалық жастар форумы «ҚТЖ-ның 100 жас есімі» бағдарламасының екінші ағынының дарынды жастары компанияның болашағы үшін қажет деп танылған үздік жобаларды таныстырды. Осы қатысушылар арасында екі маңызды жоба ұсынып және олар аудитория тарапынан жылы қабылданған «ҚТЖ Тапқырлары» командасы ерекше көзге түсті.

«Біздің командаға түрлі бағыттағы өз саласының білгір мамандары жиналған және негізгі жүктемеге қарамастан біз ҚТЖ жұмысының маңызды аспектілерін қозғайтын екі жобаны ұсындық. Бұл бастамалар қазіргі кешіліктерді жоюға ғана емес, сонымен қатар компанияның дамуына негіз қалауға арналған. Біздің жобаларымыздың бірі «Теміржол вокзалдарының дизайн-код» – ҚТЖ жастарының ұсынған 18 бастамасы арасында үздік деп танылды», – дейді команда капитаны Саят Мақсұт.

«Теміржол вокзалдарының дизайн-код» жобасының мақсаты – вокзалдардың тарихи бірегейлігін ескерте отырып, оларды безендірудің негізгі элементтерін стандарттау болып табылады. Бұл идея көлік инфрақұрылымына қойылатын заманауи талаптарға сәйкес келетін жолаушылар үшін жайлы, функционалды және танылатын ортаны құруға бағытталған.

Сонымен қатар команда жаңа қызметкерлерді бейімдеу үшін виртуалды көмекші Welcome-bot KTZ жобасын ұсынды.

«Осы құралдың көмегімен, – деп түсіндіреді Саят, – әрбір жаңа қызметкер Компанияның корпоративтік мәдениетіне оңай еніп, оның миссиясы мен құндылықтары туралы біле алады, сонымен қатар қадамдық нұсқаулар мен бейнеоқулықтар ала алады. Сондай-ақ платформада техникалық мәселелерді жедел шешуге арналған Help-desk бар. Бұл жаңа қызметкерлердің өнімділігін арттыруға, талантты кадрлардың кетуін азайтуға, сондай-ақ корпоративтік өмірге жаңа қызметкерлердің тартылуын арттыруға мүмкіндік береді».

Бір қызығы, Welcome-Bot KTZ компанияның еншілес құрылымы «Әскерилендірілген теміржол күзеті»



компаниясында пилоттық режимде сәтті сынақтан өтті. Ал ҚТЖ-да іске қосылуы 2025 жылдың қаңтарына жоспарланған.

«ҚТЖ-ның 100 жас есімі» бағдарламасы қызметкерлердің ағымдағы процестерді оңтайландырып қана қоймай, ұлттық тасымалдаушының болашағын қалыптастыра алатын креативті шешімдерді іздеуге шабыттандыруды жалғастыруда. «ҚТЖ тапқырлары» сияқты талантты командалардың жобалары ҚТЖ өз жастарының инновациялары мен кәсібилігіне бас тігетінінің жарқын дәлелі болып табылады.

Локомотив шаруашылығы үшін келесі бір маңызды жоба «Цифрлық депо» деп аталады. Бұл жобаның мақсаты локомотивтердің техникалық жағдайы мен пайдалануына мониторинг және талдау жасау үшін цифрлық платформа құру болып табылады. Жоба жүзеге асырылғанда күтілетін нәтижеге келсек, біріншіден, локомотивті пайдалану тиімділігін арттырмақ, екіншіден, локомотивтердің кідірісін және жоспардан тыс жөндеуге кіруін 30% төмендетпек. Сондай-ақ 120 бірлік локомотивтің жоспардан тыс жөндеуіне кететін шығынын 180 млн теңгеге дейін үнемдеуге әкеледі деп болжануда.

Магистральдық желі дирекциясының Адами ресурстар-

ды басқару департаментінің бас менеджері Қырымжан Махамеджанова жетекшілік еткен келесі бір жоба «HR-Көмеке» чат-боты. Оның мақсаты – санаторлық-курорттық сауықтырудан бастап, 24/7 әлеуметтік мәселелер бойынша өзекті ақпараттарға қолжетімділікті қамтамасыз ететін қызметкерлер үшін коммуникацияның қосымша каналын құру. Бұл жоба 2025 жылдан бастап өзге әлеуметтік мәселелер бойынша деректердің ұсынылуын кеңейтуді жоспарлап отыр.

Ал «HR-Көмеке» чат-ботынан қандай нәтиже күтуге болады десек, бұл жоба қызметкердің ақпаратқа жедел қолжетімді болуы есебінен игерілмей қалатын жолдамалар санын төмендетпек, екіншіден, Компания еңбеккерлерінің қатысуы мен ниеттестігін арттыра түспек. Үшіншіден, HR қызметінің жұмыс уақытын оңтайландырып, анықтамалық ақпаратты ұсыну үдерісін автоматтандырылмақ.

Бұл теміржол саласындағы талантты жастар ұсынған тың жобалардың бір легі. Әрине, әр жобаның ҚТЖ-ның дамуына қосар өзіндік үлесі, алар ерекше орны бар. Темір жолда өз кәсібін, мамандығын сүйетін және оны жетілдіру жолында тынбай еңбек ететін жастар барда ҚТЖ-ның болашағы жарқын болары сөзсіз.



## ВИЗИТКА – это праздник талантов

Яркие костюмы, зажигательные танцы и море эмоций поразили участники форума гостей и членам жюри программы «Визитка регионов». В этом году командам необходимо было рассказать о традициях и обычаях разных народов мира.



Особую атмосферу вечера создали невероятные выступления 13 команд. Каждый номер был настоящим шоу – ярким, оригинальным и запоминающимся. Благодаря креативу ребят, энергии и командному духу вечер стал по-настоящему особенным.

Готовясь к фестивалю, участники подробно изучили традиции и культуру Франции, Испании, Италии, Грузии, США, Китая, Узбекистана, ОАЭ, Японии, Казахстана, Индии, Турции, Северной и Южной Кореи.





Для оценки выступления команда было создано специальное жюри в лице заместителя директора департамента правового обеспечения АО «НК «ҚТЖ» Ильяс Ернарзавова, HR-бизнес-партнера департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Алматы Саулебаевой, исполнительного директора – директора департамента по управлению персоналом АО «НК «ҚТЖ» Бахытжан Ескенова. При подведении итогов учитывались общее впечатление, массовость,

внешний вид и, конечно же, артистизм команд. Первыми на сцену вышли железнодорожники из Кокшетау. Они помогли настроиться на более лирический лад, исполнив популярную песню Je veux. А вот их коллеги из Костаная познакомили зрителей с культурой солнечной и страстной Испании, исполнив композицию A Dios le pido. Также участники визитки побывали на грузинской свадьбе, которая является одной из красивых, зрелищных, богатых праздников с обязательным соблюдением самобытных традиций грузинского народа. Зал в этот вечер взрывался аплодисментами, сцена сверкала огнями, а эмоции просто зашкаливали.

Во второй день форума была визитка регионов, где каждый регион представлял какую-то страну, знакомил нас с традициями, обычаями. Все номера были очень красочными. Каждый год прям видно, как команды сильно готовятся. Это яркие костюмы, выступления, в которых они хотят заложить какой-то смысл. И мне очень нравится, что молодежь настолько вовлечена,

что она так хорошо готовится к этим номерам. Вообще форум в целом очень сближает команды, людей, регионы. Потому что все мы большая семья, и я рада, что являюсь частью этого форума. Я уверена, что с каждым годом молодежь будет все креативней и креативней, – делится впечатлениями главный менеджер департамента HR АО «KTZ Express» Гульнара Абдильманова.

Кроме того, благодаря командам из Семей и Оске-



мена зрители узнали, как проходили президентские выборы в США, а ребята из Алматы продемонстрировали завораживающий танец дракона, рассказали о жизни панды и чайной церемонии Китая. Особый восторг у зала вызвала миниатюра команда из Актобе и Уральска об уникальном проекте первой половины XX века, который соединил Азию и Сибирь – строительство Туркестано-Сибирской магистрали (Турксиб). Представители Атырау перевоплотились в прототипы героев из индийских фильмов. Яркими красочными костюмами, своеобразными жестами, звонкими голосами они старались во всем соответствовать героям, которые тут же на экране сцены пели и танцевали.

В конце вечера члены жюри поблагодарили молодых железнодорожников за искрометный юмор, смелые образы, заряд позитива и энергии. По сумме баллов с небольшим отрывом первое место заняли команды из Алматы и Караганды, вторыми стали ребята из Атырау, Актобе, Шымкента и Астаны, третьими – представители Мангистау, Оскемена, Семей и Жамбыла. Всем участникам вручили дипломы и подарки.



## ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҒЫНА МӘРТЕБЕ БЕРІЛЕДІ

**Жастар жиыны шеңберінде өткен «Жұмысшы мамандықтары жылы: Мақсат. Болжам. Іске асыру» тақырыбындағы панельдік пікірталасуға «ҚТЖ» ҰК» АҚ топ-менеджерлерімен қатар «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Әлеуметтік өзара ықпалдастық және коммуникациялар орталығының бас директоры Елдос Өмірзақов қатысты.**

Панельдік дискуссия алаңына модераторлық еткен «ҚТЖ» ҰК» АҚ Әлеуметтік саясат департаментінің бас менеджері Замир Серіков пікірталасудың алғашқы сауалын Қор өкілі Елдос Өмірзақовқа бағыттады.

**Модератор:** – Мемлекет басшысы 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялады. Осы ретте сіздің көзқарасыңыз қалай, қор және оның құрамындағы портфельдік компания ретінде біз қалай әрекет етуіміз керек?

**Е.Өмірзақов:** – Келер жылға жоспар көп. Жыл бастамасын Түркістан қаласында жастар форумынан бастағалы отырмыз. Бұл форумға өндірісте жұмыс істеп жатқан жұмысшы жастарды шақыруға басымдық бергелі отырмыз. Қазір біз портфельдік компаниялардан ұсыныс алып жатырмыз. Өндірістік әріптестерге, жұмысшы мамандықтарына айрықша назар аударылады. ҚТЖ компаниясы жыл он екі ай өндірістік жұмысшы мамандықтарының біліктілігін арттыруға, ардагерлерге көп көңіл бөледі. Бірақ біз жүргізген зерттеу барысында байқаған бір нәрсе, ҚТЖ-да 20-35 жас аралығындағы жастар белсенді, енді 35-50 жас арасындағы еңбек адамдарын да назардан тыс қалдырмай, белсенділікке тарту керек деп ойлаймын. Алдағы жылы жұмысшы мамандықтарының мәртебесін арттыру бағытында біраз іс-шараларды атқару жоспарда бар. Әрине осы бағытта біз портфельдік компаниялармен қоян-қолтық жұмыс жүргізетін боламыз.

**Модератор:** – Келесі сұрақты компанияның бас инженері Рамазан Болатбекұлы, сізге жолдағым келіп отыр. Қазіргі жастарға өндірістік мамандықты таңдауға қалай кеңес беруге болады, мұны сұрау себебім, жалпы елімізде өндіріс мамандарына сұраныс жоғары, осы ретте ірі жұмыс беруші компания ҚТЖ қалай әсер ете алады?

